

Мирный ауылдық округінің көшелерін қайта атау туралы

Қарағанды облысы Осакаров ауданы Мирный ауылдық округінің әкімінің 2018 жылғы 6 қарашадағы № 1-ші шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 23 қарашада № 5011 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсанындағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып және облыстық ономастикалық комиссиясының қортындысы негізінде, Мирный ауылдық округі әкімінің ШЕШІМІ ЕТТІ:

1. Осакаров ауданы Мирный ауылының көшелері:
 - 1) Ленина көшесі Сарыарқа көшесіне;
 - 2) Комсомольская көшесі Достық көшесіне;
 - 3) Мичурина көшесі Нұрлы Жол көшесіне;
 - 4) Заготзерновская көшесі Қазақстан көшесіне қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Б. Карсыбаев